

Жазушы Кемел Тоқаевтың сөз қолданысы («Солдат соғысқа кетті» романы бойынша)

Аңдатпа. Мақалада детектив жанрындағы көркем шығармалардың тілі, стилистикасы зерттеледі. Зерттеу нысанына қазақ әдебиетінде осы жанрда алғаш шығармалар жазған Кемел Тоқаевтың шығармашылығы, оның ішінде «Солдат соғысқа кетті» романы алынады.

Жазушының шытырман хикаялы проза жанрында жазылған шығармалары қазақ әдебиетінде үлкен орын алады.

Мақала **мақсаты** – қазақ детектив жанрындағы тілдік-стильдік ерекшеліктерді анықтау. Осыған орай синонимдердің, антонимдердің, теңеулердің, метафоралар мен эпитеттердің қолданысын талдау **міндеттері** қойылды.

Сонымен бірге «Солдат соғысқа кетті» романындағы антонимдердің, синонимдердің түрлері, қолданысы, қызметі, эмоционалды-экспрессивті рөлі талданады.

Теңеу, метафора, эпитет сияқты троптардың мәтіндегі қолданыстары сипатталып, олардың көркемдік қызметі, жасалу тәсілдері айқындалады.

Тілдік айғақтар контекст құрамында беріліп, олардың мәні, мағынасы контекст арқылы ашылып көрсетіледі.

Детективтік романдар мәтіндегі синонимдердің, антонимдердің, эпитеттердің және метафоралардың шиеленіс атмосферасын құрудағы, сюжеттік дамудағы және кейіпкерлерге мінездеме берудегі рөлін анықтау мақсатында талдау жасалады. Зерттеу стилистикалық талдау әдістеріне негізделген және детектив жанрына тән интрига мен жұмбақ әсерге жету үшін автор қолданатын нақты тілдік әдістерге назар аударылады. Зерттеу нәтижелері детективтік шығармалардың лингвистикалық сипатының ерекшеліктерін және олардың оқырман қабылдауына әсерін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: детектив жанры, тілдік-стильдік қолданыстар, синоним, антоним, теңеу, метафора, эпитет.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-55-67>

Түсті: 13.10.2023; Жөнделді: 13.03.2024; Мақұлданды: 9.04.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Функционалдык стильдердің бір тармағы – көркем әдебиет тілін зерттеуде әңгіме негізінен екі түрлі проблема төңірегінде болады. Олар: 1) жалпы ұлттық әдеби тілдің даму барысындағы көркем әдебиет тілінің орны, 2) жеке жазушылардың сөз мәнері (даралық стилі). Бұларды тағы екі түрлі тұрғыдан қарастыруға тура келеді: бірі – шеберлік, екіншісі – нормалылық тұрғысы. Ашып айтсақ, біріншісі – көркем әдебиет тілін, яғни «поэтикалық сөзді» стилистика объектісі ретінде қарастыру. Көркем шығармалар тілін стилистика

объектісі етіп зерттеуде жазушының эстетикалық талаптарды өтеу шеберлігі, яғни қалам иесінің қолтаңбасы, сөз өрнегі (мәнері) талданады [1].

Көркем шығарма тілін зерттеудің теориялық негіздері Е. Жанпейісовтің «Қазақ прозасының тілі» (1968), Р. Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі» (1968), З. Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» (1970), «Сөз өнері» (1992), Б. Ыбырайымовтың «Көркемдік көкжиегі» (1982), Б. Шалабаевтың «Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері» (1987), «Көркем проза тілі» (1994), С. Асылбекұлының «Қазіргі қазақ повестеріндегі заман шындығы» (1997), Б. Майтановтың «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі» (1982), Х. Кәрімовтің «Қанатты тіл» (1995), М. Серғалиевтің «Көркем әдебиет тілі» (1995) сынды еңбектерінде айқындалып, осы күнге дейін көптеген қазақ ақын-жазушыларының тілі талданды. Олардың қатарында Р. Сыздықтың «Сөз құдіреті», «Абайдың сөз өрнегі», К. Есіркепованың «1960-1980 жылдардағы әйел ақындар поэзиясының тілі», М. Нұрғалиеваның «Тарихи романдардағы лексикалық синонимдер», Қ. Есенованың «Ә. Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті атаулардың лингвомәдени сипаты», М. Әбікеновтің «Сафуан Шаймерденов прозасы тілінің көркемдік ерекшеліктері», т.б. көптеген зерттеулер бар. Алайда детектив жанрында жазылған шығармалардың көркемдік тілі бүгінге дейін зерттеу нысанына алынған жоқ. Детективтік прозаның көркем прозаның басқа түрлеріне қарағанда өзіндік тіл қолданысы бар, өзіндік мәтінтүзімдік ерекшеліктері бар жанр екені әлі күнге дейін қарастырылған жоқ. Бұл ретте қазақ әдебиетіндегі осы жанрдың қалыптасып, дамуына үлкен үлес қосқан К. Тоқаев шығармаларының тілін зерттеу өзекті саналады. Қазақ детективті прозасында өзіндік лексикалық құрам, оның жұмсалымы төңірегінде ерекшеліктерді тауып бағалау маңызды. Сондықтан К. Тоқаевтың шығармаларындағы тілдік және стильдік ерекшеліктерді анықтай отырып, криминалистика дискурсында қолданылған арнаулы тілдік бірліктерді, троптарды, фигураларды анықтаудың маңызы зор.

Әдіснама

Зерттеу әдісі ретінде, негізінен, сипаттамалы әдіс қолданылды. Зерттеу нысаны көркем мәтін болғандықтан стилистикалық талдау, семантикалық талдау амалдары қолданылды. Тілдік айғақтарды сипаттау үшін контекст ескеріліп отырды.

Зерттеуге материал ретінде жазушы Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романының (Астана: «Елорда» баспасы, 2000. – 237 бет) мәтіні алынды.

Нәтижелер мен талқылау

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы қазіргі заманғы детективтік романның универсумы, көбінесе шектеулі сюжеттік қозғалыстармен сипатталады, мәдениеттің құранды бейнесін, өмірлік трафареттерді, стилистикалық келіспеушіліктерді қамтиды [2]. Мұның бәрі интермәтінділікке түзіліп, ерекше лексикамен көрініс табады.

Детективтік шығарма жазушылардың назарын әдеби экспериментке аударады: ол тарихи, психологиялық, әлеуметтік, шытырман оқиғалы романдар сияқты әртүрлі баяндау жанрларының элементтерін, сондай-ақ интермәтінділіктің әртүрлі әдістерін біріктіріп, синтездей алады [3; 66].

К. Тоқаевтың соғыс сұрапылын шынайы бейнелеген ірі туындыларының бірі – «Солдат соғысқа кетті» романы. Тарихи роман көріністердің еш боямасыз, шынайы, әдеби көркем тілмен суреттелетіндігімен ерекшеленеді. Өмір мен өлімнің айқасын көріп, күн сайын ажалмен бетпе-бет келген жауынгер-жазушы сұрапыл соғыстың көріністерін асқан шынайылықпен, ерекше шеберлікпен сипаттайды. Шығарманың тілі жеңіл, стилі айқын.

Көркем әдебиет тілі – кең планды проблема. Оған стильдік ізденістер тұрғысынан келіп, өнер ескерткіші ретіндегі көркем шығарманың тілдік болмыстың талдау мен сол ескерткішті тұрғызушының, яғни жазушының шеберлігін танып білу де жатады [1].

Әдетте тіл – адамдардың бір-бірімен жасайтын қатынас құралы болып табылады дейміз де, оның осы қызметін көбірек сөз етеміз. Ал тіл – сонымен қатар эстетикалық құрал,

көркем дүние құралы. Тілдің бұл екі қызметі – бір-бірімен тоғыспайтын екі бөлек нәрсе емес. Керісінше, тілдің поэтикалық қызметі коммуникативтік (қатынас құралы ретіндегі) қызметіне негізделеді, сонымен қатар ол тілдік тәсілдердің өнерге тән эстетикалық және әлеуметтік-тарихи заңдылықтарға бағынған жаңа әлемін жасайды [4].

Көркемдік әр алуан амалмен жүзеге асады. Көркемдік, әрине, тек сыртқы әсемдік емес. Сыртқы әсемдік деп тұрғанымыз – образды сөздердің: эпитеттер мен метафоралардың, ұтымты теңеулердің, арнаулы поэтизмдердің қолданылуы. Сонымен қатар көркемдік дегеніміз сыртқы (тілдік) көрінісі жоқ сәттерде де жүзеге асып жатады. Айталық, синонимдерді таңдауда олардың сол текске алынған қатары пәлендей экспрессивті немесе көріне поэтизм болмауы да мүмкін, бірақ белгілі бір стильдік мақсатпен келгенде, синонимдердің дәл сол таңдалған варианты ұтымды болып табылады [5; 88].

К. Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романындағы тілдік-стильдік ерекшеліктерді зерттегенде жазушының синоним сөздерді жарыстыра қолдануы айрықша көрінеді.

Тілдегі синонимдер – сөз қорының асыл қазынасы. Синоним сөздер – кез келген тілдің қаншалықты дамығанын, оның оралымдығын көрсететін сөз байлығының құнарлы бір саласы. Сонымен қатар ол әр халықтың ұлттық ерекшелігін де танытады. Сөз логикалық дәлдігімен, ойлаған ойдың реңктерін өз бояуымен нақтылы көрсете алса ғана мәнерлік сипатқа ие болады [6; 7].

Синонимдерді келістіріп, қиюластырып қолдану үлкен шеберлікті қажет етеді. Бұл ретте К. Тоқаевтың қабаттасқан синонимдерді қолданудың шебері екенін айтуға болады. Бұл тәсіл арқылы қаламгер айтар ойын дәлдей, нақтылай түсуді мақсат етеді. Мысалы: *Жүздерінде бір түрлі аяныш, мүсіркеу, уайым белгісі бар. Садақа, құдайы беріп тұрғандай көрінді. Кейін, түр-түсін ұмытқан жоқсың ба? Бәлімшедегі білгір, білімді адам сол. Қатты ынтығып, көруге құмартып жүрем де, сал оқыс мінезін көрсем тез айнитынмын. Бәрі алдамшы, зұлым, жауыз боп көрінеді. Үркіп, қорыққан солдаттар енді қарсы қайрат жасай алмайды дей ме, тым еркінсіп алған. Олардың мақтауын, қолнаштауын күткендей «Ну, жігітім, қалай ойлайсың!» - деп күліп түртіп қояды. Батыр дегенің о жар, ұрма келеді. Власовтың ерлігін естігелі бері ефрейтор Демин ерекше қошемет, бейіл көрсетіп жүрген. Власов Мұхамедтің сөзін естігенде үрейі ұшып, қатты қорқып кеткен. Мұхамедтің сағын сындырып, жанып, жасытып алмақ боп: «Әй, сен сволочь, не оттап тұрсың! Кімді өтірікші қылмақсың! Тағы да аузыңды ашып көрші, табанда атып тастаймын! Құртып жіберем!» - деп жұлқына кеп жағасына жармасты. Күйреп, құрып, өшіп кетесің!*

Мұндағы синонимдер бір-біріне сайма-сай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысында өзіне тән мағыналық реңкі бар, ұқсас мағыналы сөздер болғандықтан, олардың қолданысы шығармада ерекше орын алады. К. Тоқаев оларды бір сөйлемде қатар келтіріп, сөз мағынасын бірте-бірте күшейту немесе әлсірету арқылы оның экспрессиясын арттырады. Мысалы, «Күйреп, құрып, өшіп кетесің!» деген сөйлемде қирау мен күйреу деген синонимдік қатардан жазушы екіншісін алады. Себебі қирауға қарағанда күйреудің экспрессиясы күшті.

Қира – ет. 1. Шағылу, шытынау, сыну. 2. Күл-талқан болу, бұзылу, күйреу. 3. ауыс. Құру, жойылу, заманы өту. 4. Үгіліп-мүжілу. 5. ауыс. Қырылу, өлу. 6. ауыс. Құлау, шетінен құлай бастау, қисаю. 7. ауыс. Еңсесі түсу, тауы шағылу.

Күйре – ет. 1. Қирау, құлау, бұзылу. 2. ауыс. Құру, жойылу [7]. Екі сөздің семантикасы бірдей болғанымен, экспрессиясы әр түрлі. Себебі қирау дегенде сыну, бұзылу ойға оралып әрі қайта қалпына келтіруге болатын дүние елестейді. Ал күйреу дегенде әбден күл-талқаны шыққан, қайта орнына келмейтін дүние елестейді. Сондықтан автор осы сөзді таңдау арқылы ашулы кейіпкерінің сөзіне экспрессиясы басым сөзді таңдап, оған құру, өшу етістіктерін қосып, айтпақ ойын одан әрі күшейте, нықтай түседі.

«Мұндай топас, бітеу кеуде, білгішсінген тағы немерлерге осылай қатты айтып, зекіп қой» деген сөйлемде автор іске шорқақ, икемсіз, қабілетсіз адамды сипаттау үшін ақымақ немесе надан сөздерін емес, топас, бітеу кеуде, білгішсінген тағы неме сөздерін таңдайды. Икемсізге қарағанда топастың, ақымаққа қарағанда бітеу кеуденің реңкі басым. Бұнымен шектелмей,

надан, мешеу кейіпкерін *тағы неме* деп, одан әрі шегелей түседі. Егер білгішсінген тағы адамдар десе, адамдардың немелерге қарағанда экспрессиясы төмен болар еді. Немені таңдау арқылы автор адамды жақтырмау, қомсыну көзқарасын нақты білдіріп тұр.

«Синонимдер – тіл байлығы» дегенде бір сөздердің жеке тұрғандағы жай тізбегі деп түсінбейміз, солардың кең қолданысқа түсіп, көңілдегі көрікті ойды мүлтіксіз шебер жеткізудегі мәнді қызметін айтамыз [5; 6].

Синонимика дегеніміз – бұл сөз жағалаудың шексіз мүмкіншіліктерінің айналымы. Мұнымен жазушы біткеннің барлығы да басын қатырып, сөз мехнатын шектіретін құрал [6;10].

Бұл ретте К. Тоқаев синонимдерді тек сөзді көбейту үшін емес, зор талғаммен, жауапкершілікпен қолданғанын байқаймыз: *Қазір де тұншыға, булығы жөтеліп, демі бітіп бара жатқандай кеудесін алақанымен басып бүгіле түсті*. Бұл жерде тұншығу мен булығы сөздері бірінің орнына бірі жүре беретіндіктен біреуін қолданса да болмас па еді деген сұрақ туындайды. Дегенмен екі сөздің арасындағы сәл ғана мағыналық айырмашылықты автор орынды ескеріп, ұтымды қолдана білген. «Табиғатта бір-бірінен айнымайтын ағаш жапырақтары болмайды. Сол тәрізді тілдегі сөздер де бір-бірімен теңбе-тең, айнығысыз, нақ бірдей ұшыраса бермейді. Әрбір сөздің қалайда белгілі бір ерекшелігі болады», - деген пікір осыны растайды [6;10].

Жазушы экспрессивті-эмоционалдық мәні бар сөздерден жасалған синонимдерді емін-еркін пайдаланады: *Тікенек, ілме сөзіңе тойып біттім! Мұндай топас, бітеу кеуде, білгішсінген тағы немелерге осылай қатты айтып, зекіп қой*.

Енді бірде синонимдік қатардағы сөздер мағыналық жағынан бірте-бірте үдеп, үстемеленіп, градациялық тәсілмен өрбіп отырады: *Ылжырап, езіліп пісіпті. Соңғы тыныста, дем бітер шақта* көгілдір аспанға, қалқыған әдемі айға тағы бір қарағысы келді.

Қазақ тілінің синонимдері саны мен көлемі жағынан да, синонимдік қатарлардың молшылығы жағынан да өте бай. К. Тоқаев синонимдік қатарларды шығарманың өне бойында молынан қолданады. Оны шығарма мәтінінен жинақталған мына мысалдардан көруге болады: *тоқмейілдік – масайраушылық, зыту – безу, мазалау – әбігерлеу, ажарлы – кескінді, зәрлі – улы, ыдырау – сейілу, борбас- босаң, тосқауыл – бөгет, момын – жуас, ержету – есею, шындық – ақиқат, қорқыныш – үрей, сүйеніш – тірек, кекету – кеміту, атақ – мансап, озбырлық – жауыздық, шуылдау – жамырау, асығыс – қарбалас, әрі-сәрі – күпті, сөнү – өшу, жорық – шабуыл, тітіркену – тұншығу, ширақ – тың, тозаңдату – шаңдату, мұқату – табалау, өриіл – өжет, т.б.* Шығармада тек екі сөзден тұратын синонимдік қатарлар ғана емес, сонымен қатар үш, төрт, бес, алты сөзден тұратын синонимдік қатарлар да көрініс тапқан: *сырқат – ауру – кесел, күту – зарығу – ынтығу, қызғаныш – күншілдік – іштарлық, ынтызарлық – аңсау – құмарлық, жазғыру – сөгу – кінәнау, ынтымақтастыру – достастыру – біріктіру, былышылдау – бүлкілдеу – былжырау – көку, ширақ – тың – тындырымды, білгіш – білгір – білімді – білімдар, қанқұмар – қан ішкіш – кісі өлтіргіш – қанішер – қаскөй, шаршау – болдыру – қажу – жүйкелеу – қалжырау – діңкелеу, т.б.*

Жазушы тіліндегі синонимдер саны мен көлемі жағынан да, синонимдік қатарлардың молшылығы жағынан да өте бай. Бір ұғымды білдіру үшін кейде он шақты синоним сөз қолданады. Шебер қолданылған синонимдер белгілі бір ойды сегіз саққа жүгіртіп, тілді соншалықты оралымды етеді. Автор жеткізбек болған ойын синонимдер арқылы дәл, нақты әрі көркем етіп жеткізеді.

Синонимдік қатарды автор белгілі бір ұғымды түрлі белгілермен жан-жақты сипаттап көрсету үшін шебер қолданады. Мысалы екі сөзден тұратын мына синонимдік қатарларда қолданылған синонимдер бір-бірінің мағынасын толықтырып тұрады: *Соншама көп бейнет, азаптен қазылған окопқа бір түнемей кетіп барамыз. Тілектес, ниеттес* кісің деп біл.

Ал үш сөзден тұратын синонимдік қатарлардағы синонимдердің біріндегі кемшін мағыналық, стильдік реңк басқаларынан табылып, бүтін бір ұғымды әр түрлі белгілермен жан-жақты алып көрсетеді: *Аялдаған жердің бәрінде аз да болса жау көзінен тығылатын, жасырынатын, бүркейтін* пана керек. *Сұмпайы да, сұмырайы да, жұғымсызы да сен. Біржола*

жер бетінен өшіріп, құртып, шаныштып тастаймыз, - деп бөлімшенің машинаға отыруын талап етті. «Түптеп келгенде, бірінің қызметін бірі мүлтіксіз атқаратын синонимдер әсте болмайды. Синонимдік қатардың әрқайсысы бір ұғымның мәнін толық жеткізе алады деп мойындаудың өзі бір ғана тілде екі бірдей тілдің қаз-қатар өмір сүруін мойындаумен бара-бар» деген пікір осы ойымызды дәлелдей түседі [6;10].

К. Тоқаев тілдегі жалпыхалықтық синонимдерден бөлек, өз жанынан құраған синоним сөздерді де пайдаланады. Бұл тәсіл парафраза тәсіліне жақын. Мәселен:

1) **Жетімхана** – жетімдер үйі: **Жетімхана** әке-шешесі барларды ұстамайды (16-б.). Автор бұл сөзбен қатар жалпы қолданыстағы балалар үйін де, жетімдер үйін де қолданады: **Біздің балалар үйінде** Мырзахмет дейтін бала өлең жазатын. **Жетімхана** жуығырақта жібере қоймайтын болған соң Қасым ақыл айтты: «**Жетімдер үйі** нан береді екен. Екеуімізге берген нанның біреуін жеп, екінші үзімін Бибігүлге қалдырайық. Нанды көп жинап алған соң жетімханадан қашып кетеміз», - деді.

2) **Кеселді** – ауру адам: Соның жас терісіне **кеселдіні** орап отырып құрақұртпен арбасам. Молда **ауруды** қалай жазады екен деп мен құмартамын.

3) **Құмаршаң** – әуесқой: Сондай көңілді, әуесқой, **құмаршаң** жігіт еді.

4) **Мәслихаттасу** – ақылдасу, кеңесу: Біраз жүріп барып, танкке қарап үйіріліп тұра қалды. Мәслихаттасқан секілді.

К. Тоқаев синонимдердің стильдік мүмкіншіліктерін кеңінен қолданады. Бұл ретте жазушы синонимдерді қосарлап, қабаттап, қос сөзге айналдырып жібереді. Мысалы, **Бүкіл батальонға тараған лақап-дақпыртты** теріске шығару оңай емес. **Лейтенант Коршуновтың шүбә-күдігі** дәл келді. **Көз тоқтатарлық бұта-бұдыры**, қалқайған **тал-қылтаңы** жоқ кең жазықтың ортасында бұйралана кең арнамен созылып жатыр. **Шинельдері сатала-сатбақ** кір. **Омыртқаға жете сөніп-өшіп** барып тиген салмақты осколканың дерті сыз берді ме, Мұхамед біраз тыныш жатып, есін жиганда Чумаков бөлімшедегі бар жаңалықты шапшаң айтып шыққан. Екі синоним сөз қосарланып қолданылғанда олардың бұрынғы жеке мағыналары абстракцияланып, (яғни жалпыға айналып), білдіретін ұғымның көлемі кеңейеді. Мұндағы күрделі ұғым екі сөздің дара мағыналарының жиынтығынан шығады [6; 8].

Мұндай тәсіл М.Әуезов сынды жазушылардың да шығармаларында кеңінен кездеседі. Мәселен, «**Мұңлы кемпірдің шер-уайыммен сарғайған жүзі**» (Оқыған азамат); «**Өзен кейде тура ағып, кейде иіріліп, бұраң-шимай жасайды**» (Қыр суреттері); «**Бірен-сараны болмаса, үлгі болатын үлкен рольдердің барлығы – пьесаларының негізгі арқауы болған рольдер. Сондықтан әрқайсысын ойнағанда Елубай сол кейіпкерлерінің дәуірін, дәуіріне лайық мінез-қылықтарын, әдет-салтын беретіндей болу керек**». Р.Сыздық оларды авторлық орфограммалық немесе графикалық қос сөздер деп таниды [5]. Осылайша К. Тоқаев тілдегі синонимдерді жекелеп те, кезектестіріп те, жұптап та, топтап та ұтымды қолданады.

«Солдат соғысқа кетті» шығармасында синонимдер тек жекелеген сөздерден ғана емес, фразалық тіркестерден де кездеседі. Көңілдегі көрікті ойды сөзбен кестелеп айтып беру үшін фразалық тіркестер де тілде орасан қызмет атқарады. Мысалы: **терең – кісі бойламайды; адам айтса нанғысыз – тірі пенде иланбас, қорқақ – сужүрек, түңілу – күдер үзу, қиядағаны қияннан шалатын – қиырдағыны қиналмай шалып түсетін, қадалу – түйындай шүйлігу, қалжырау – діңкесу құру, мұқату – етекпен шалу, т.б.**

Қазақ тілінде мағыналас екі сөз қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейтеді. Мұндай сөз қолданысын тіл білімінде плеоназм дейді [6; 9]. Жазушы К. Тоқаев шығармаларында осы тәсіл де біршама қолданылады. Мысалы: **құлаққа ұрған танадай тым-тырыс, қандатып жойып тастау, қиырдағыны қиналмай шалып түсетін алғыр, борбиган борбас, т.б.** Синонимдерді жекелеп жұмсаудан гөрі плеонастикалық тәсілмен жұптап қолдану әлдеқайда мәнерлі болып ұғынылады. Мысалы, алғыр жігіт дегеннен гөрі қиырдағыны қиналмай шалып түсетін алғыр жігіт деп айту әлдеқайда күштірек мән туғызады.

К. Тоқаев синонимдерді қолданғанда, әсіресе, экспрессивті сөздерді аса ұтымды пайдаланады. Мұндай сөздерде семантикалық мағынамен қатар, сол мағынаны әсерлі етіп көрсететін бояу бар: **сөйлеу** емес – **былшылдау**; **есеңгіреу** емес – **мәңгіру**; **түсініксіз** емес –

бұлыңғыр; арсыз емес – пасық; көп емес – жытырлаған; қашу емес – тым-тырақай бытырау; қозғалмау емес – былқ етпеу; жапырайту емес – жарбиту; быт-шытын шығару емес – күлпаршасын шығару; жай өлтіру емес – баудай қыру; ойсыз емес – парықсыз, жұпыны емес – кәдімгі жүдеу қаланың қайыршысы тәрізді, т.б.

Жазушы синонимдердің стильдік, коннотативтік, үдетпелік (градациялық) қасиеттерін (қызметтерін) шебер қолданады. Осындай қолданыстар түптеп келгенде жазушының жеке стилін қалыптастырады. Р.Нұрғалиевтің пікірінше, «...әдеби ұғымдағы стиль – ең алдымен – эстетикалық категория... Стиль жазушының авторлық мұратымен, эстетикалық идеалымен жанды түрде байланысып жатыр. Өйткені көркемдік процесте механикалық сипат жоқ» [8; 204-205].

Жазушы дiттеген стильдік қызметті атқаратын келесі қолданыстардың бірі – антонимдер. К. Аханов: «Антонимдердің стилистикалық қызметі өте күшті. Қарама-қарсы құбылыстарды салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып шендестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды тайға таңба басқандай етіп түсіндіруде антонимдер айрықша қызмет атқарады. Антонимдерді шебер қолданудың нәтижесінде айтылатын ой мейлінше ашық-айқын, мейлінше мәнерлі болып келеді», – дейді [9; 29-30].

Антонимдік қатынастар – көркем шығармаларда қарама-қарсылық мәндерді сипаттау үшін кең түрде қолданылып, ерекше стильдік қызмет атқаратыны айқын. Кез келген көркем шығарма қандай да бір тілдік көркем құралдарды қолдану нәтижесінде оқырманның ой-санасына, сезіміне ерекше әсер ететіні белгілі. Антоимдер тіл табиғатында терең тамыр тартқан, қазақ тілінің бай сөздік қорында басқа да лексикалық бірліктер сияқты сан құбылып, алуан түрленіп, әлденеше қырынан көрініс беретін, икемді де оралымды, өріс аумағы кең, стильдік мүмкіншілігі мол тілдік құбылыс болып табылады [10; 40].

К. Тоқаев тілінде антонимдер сан жағынан синонимдерге қарағанда, әлдеқайда аз, бірақ олардың белгілі мақсатпен қолданысы жағынан уәжділігі өте айқын көрінеді. *Қызыл әскерлер оған сенерін де, сенбесін де білмейді. Самолетті қиратқан адамға қызыға, қызғана қарады. Шындықты болжап болмас осындай аласапыран сәтте командирдің бірі оның сөзін сөйлеп қолдап жіберсе, Власовтың өтірігі шындыққа айналып кете барады. Енді бұдан былай күндіз ғана емес, түнде жүрудің өзі қауіпті. Аспанға тік көтерілмей, қалың тоғайды нұсқаған белгідей, солай қарай көлбей қалқып барып сөнді. Жарықтан аулақ, көлеңкеде тұрыңдар!*

Антоним сөздердің қарама-қайшылықты мәні олардың осылай бір сөйлем ішінде қатар қолданылған кезінде айқын байқалады. Сондай-ақ антонимдердің сипатталып отырған оқиғаға бірдей дәрежеде қатыса алу мүмкіндігі көрінеді. Мұндай жағдайда антоним сөздердің мағыналық тұрғыдан қарама-қайшылығы айрықша көзге түсіп, жазушының айтайын деген ойын айшықты да мәнерлі түрде жеткізуінің белсенді құралына айналады.

Жазушы жүйелі антонимдермен қатар, контекстік антонимдерді де пайдаланады. Мысалы, «Мені нәресте санайсың-ау осы. Отау иесі болып қалғанымды қалай байқамайсың» деген сөйлемде нәресте мен отау иесі – қарсы мәнді образдар және олар антонимдік сипатқа тек осы контексте ие болып тұр, әйтпесе бала сөзінің антонимі ересек болса, автор қолданысында отау иесі «ержеткен, отауға құруға жарамды, ересек» деген мағынада жұмсалып, нәрестеге антоним болып тұр. Сол сияқты «Неміс дегенің атса оқ өтпейтін, шапсаң қылыш батпайтын тас түйін өлмейтін бәле ме десем, о да ет пен теріден жаралған пенде екен» деген сөйлемде атса оқ өтпейтін, шапса қылыш батпайтын тас түйін өлмейтін бәле мен ет пен теріден жаралған пенде өзара қарсы мән тудырып тұр. Өлмейтін сөзіне антоним ретінде өлетін сөзін алмай, пендені алуы, ал пенденің мәңгілік емес, түбі бір өлетіні белгілі болғандықтан, сөйлемде контекстік антоним болып тұр.

Жазушы тілінің өзіндік қолтаңбасын танытатын келесі қолданыстар – теңеулер. Неге десеңіз, қаламгер объектіні әр қырынан анық сипаттап, теңеулердің дәстүрлісін де, өзі шығарған жаңаларын да ұтымды қолданады. Соның ішінде автордың төлтума теңеулері ерекше көзге түседі. Мысалы: *Тарттырылған текедей бүрсидің де қалдың! Өлем деп қоянның көжегіндей бүрсидің отырмай қайткенде де бір сойқан іс жасаған жөн. Өртенген,*

қираған танктер, бронотранспортерлер, машиналар, тұмсығы сорайған зеңбіректер қалың моланың құлытасстарындай қараңғы түнде үнсіз мүлгіп қалған. Біздің сержант болмағанда топыраққа шыланып, езіліп тандыр нан құсап қалатын едің. Ойтыр-ай, мына жел дегенің ұстараның жүзіндегі өткір екен-ау. Осколканың ұшы мига кіргенде **тентек қойдай тытырлап** жататын едім. Жұқа тақыр қардың үстінде **сел айдаған қойтасстардай** әр жерде **дөңкиіп-дөңкиіп** жатты. **Жерге шыққан арамишөптей** ұшы-қиырына көз жетпейді. Майдан сайран құратын нағашының ауылы емес. Мынаның құйрығы **құдды шаян сияқты** екен.

Бұл теңеулер жазушының дүниетанымын, әр нәрсеге беретін бағасын көрсетеді.

Теңеулерді бейнелі, әсерлі, бояулы ету үшін, автор көп сөзділіктен де қашпайды. Әр жерде **табаны тартылған өзеннің қойтасстарындай дөңкиген** бірдемелер қарауытады. Егер кісіде аз ғана ұят, ар болса, сонау алдыңғы линиядағы окоп ішінде **көр тышқан секілді топыраққа аунап**, жатқан жеріңнен, өмірден күдер үзген дозақ отынан құтқарған адам алдында үндемесең еді!

К. Тоқаевтың көптеген теңеулері тосын, бұрын-соңды кездеспеген образдар болып келеді. Мысалы: **Төркіндеп жүрген қатындарша соншама** жүріп алғаның не? – деп зілсіз зілмен күле сөйлейді. Екі жақ самай шашының ұштары сол қою қалпында **қалайы қасықтың сабындай атақ** боп ағарыпты.

Жазушы прозасы осындай теңеулердің молдығымен әсерлі көрінеді. К. Тоқаев теңеулері оның дүниетанымының, философиялық тұжырымдарының айнасы, сол айнаны тіл құралымен көрсетуде теңеулерді пайдаланған және бұл қолданыстың бір ерекшелігі – теңеулерді көбінесе тұжырым, констатация арқылы беретіндігі. Мысалы, «**Жаңғырығы көп те, қиратуы жоқ әлсіз ұршық – снаряд**», «**Абажадай айбарлы неме – танк**», «**Шынжыр табан – танк**», «**Соғыстағы негізгі тіл – қару**», т.б.

Мұндай теңеулер жазушы сомдайтын бейнені оқырманның көз алдына елестетіп, дайын сурет жасайды. Бұл да жазушы тілінің көркемдігі, өзінің жазу стилі. М. Әуезов: «Әдебиеттегі ұлттық түр мәселенің бір іргелі үлкен мәні – стиль. Теңеу тілі, әр алуан көркемдік шеберлікпен келетін сөз кестесі түгел келіп жазу стилін қалыптастырады. Әдебиеттің ұлттық ерекшеліктер жайын атағанда, тіл бұл стильдің өзі емес, құралы, қоры ғана. Екінші бір стиль – сөздік, ақындық теңеу кесте мағынасынан басқа екінші мағынаны және тудырады. Ол – ұлттық мінез бейне жасаудың стилі», – дейді [11].

Жазушы шығармасында көп болмағанымен басқа да троп түрлері кездеседі. Солардың ішінде актив қолданылғаны – метафора. А.Ысқақов: «**Метафораның ең басты стильдік ерекшелігі – бейнелілігі, ойды бейнелі түрде жеткізетіндігі. Ол сондықтан да көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады**», - дейді [12].

Метафора жасау көптеген семантикалық процестердің нәтижесінде туады. Айталық, ол, ең алдымен, жаңа ұғымды жасаудағы троптың бір түрі; екіншіден, полисемия тудыру құралы; үшіншіден, метафора эмоционалды-экспрессивті лексика жасауға белсенді түрде қатысады; төртіншіден, синоним жасауда метафораның өзіндік орны бар; бесіншіден, метафора тілдің терминологиялық өрісінің кеңеюіне де ықпал жасайды; алтыншыдан, жаңа мағыналық тіркестердің дүниеге келуіне әсер етеді.

«Солдат соғысқа кетті» шығармасында кездесетін метафоралар: **Ақ періштем – екі баламның қыршын жасымен ант етем**. Періште сөзі алғашқы діни ұғым-түсініктен бөлек, ауыспалы мағынада адам, таза, пәк деген мағынаны білдіреді. Сондықтан дәстүрлі қазақ ұғымында балаларды періштелерге теңеу ертеден қалыптасқан. Себебі бала періште секілді күнәдан ада, таза болады деп есептеледі.

Көп адам дозақ отын кеіп жатты. Бұл сөйлемде берілген **дозақ оты** азапты білдіреді. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» оған мынадай анықтама беріледі:

- а) Діни сенім бойынша күнәлі адамды жазалайтын жер.
- ә) Қиыншылық, азап [13].

Діни түсінікте **дозақ отынан** адамның қиналатыны, азап шегетіні белгілі. Жазушы бұл жерде азап сөзін алмай, оны **дозақ оты** деп беру арқылы жауынгерлердің қиналысының соншалықты ауыр екенін көрсеткісі келеді. Себебі оқырманның әлемдік тілдік бейнесінде

дозақ отының қаншалықты қиын, ауыр екені туралы түсінік қалыптасқан. Ақ періште, дозақ оты Ш. Балли және В.Н. Телия атағандай, *тілдік метафоралар* немесе Б. Хасанов анықтағандай, *дәстүрлі метафоралар* болып табылады. Мұндағы тілдік метафоралар лексиканың дайын компоненті саналады және сөйлеу кезінде жиі қолданылатындықтан, тілді тұтынушыларға таныс, түсінікті болып келеді де, бірден қабылданады. Б. Хасанов болса: «Дәстүрлі метафоралар – меншіктік авторы жоқ халықтық қазына, оны кез келген қаламгер сөзінен табуға болады, олар бірте-бірте бейнелілік қасиеті солғындап, омонимге айналуы мүмкін, тіпті тұрақты сөйлеу штамптына айналуы мүмкін», – деп көрсетеді [14].

Ал келесі мысалдардағы метафоралар көркем метафоралар немесе индивидуалды метафоралар болып саналады. *Алыстан қып-қызыл боп тозаңданып тұрған көк жиекке тақпаған сайын сол қанды реңінен айрылып қараңғы түнекке айнала береді.* Автор батқан күннің қызыл сәулесін қанды реңге балайды.

Қайткенде шірік ұяны біржола жою, құрту керек. Мұндағы *шірік ұя* құйтырқы әрекеттер жоспарланатын жер, жағымсыз орын дегенді білдіреді. *Сержант құтқармағанда құжынаған құрт-құмырсқаның илеуіне айналатын ем!* Бұл жерде *құжынаған құрт-құмырсқаның илеуіне айналу* өліп, ит-құсқа жем болу мағынасында қолданылған. Мұндай метафоралар өмірдің түрлі жағдайларына берілген автордың субъективті бағасы, өзіндік тұжырымы түрінде болады. Метафораның осы түрі жеке шығармашылық тұлғаның тіліне тән болғандықтан, жеке шығарма иесінің туындыларында кездеседі [13].

Қазақ тіл білімінде «Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар» еңбегінің авторы А. Сыбанбаева метафора жасаудың бес түрлі жолын көрсеткен [15]. Соның ішінде метафораның жай түрін бөле-жара айтуға тура келеді, себебі К. Тоқаев тіліндегі метафора жасаудың ең ұтымды түрінің бірі – осы жай метафоралар. Жоғарыда келтірілген мысалдар метафораның жай түрінің көрнекті үлгісі деуге болады. *Дәл қазір аспаннан құдилап кеп өлім жүгін қос-қабатымен ағытып, тастап жіберетін секілді.* Автор бұл жерде *өлім жүгі* деп бомбаны айтып тұр, бомбаны айқындау үшін оны жүкке, онда да жай жүкке емес, өлім әкелетін жүкке балап, ұтымды сипаттайды.

Бабахунов лейтенант Кароевтың келгенін өзінше жаманатқа жорыды: «Осы мысық мұрт ит қыр соңынан қалмады-ау! Не істесем екен!» деп мылтығының затворын сипалай берді. Мұндағы *мысық мұрт ит* – лейтенант Кароев. *Екі жасар Сережа пошымы мүлде бөлек, шешесіне де, әкесіне де ұқсамайды, кәдімгі талпақ танау торайдың өзі.* Мұндағы *талпақ танау торайдың өзі* – Сережа. Бұл метафоралар жай метафора емес, А. Сыбанбаева көрсеткен метафора жасаудың 5 түрінің ішіндегі ұлғайған метафора саналады. Ұлғайған метафора бір нәрсені екінші нәрсеге бірден балай салмайды, әуелі балайтын нәрсенің ерекшеліктерін сипаттау арқылы көзге елестетіп алады да, сосын барып балайды. Мұндағы метафоралық ұғым – «Сережа – торай». Автор кәдімгі торай, талпақ танау арқылы оның образын көзге елестетіп алып барып қана оны торайға теңейді.

Осы сияқты метафораның үлгілері метафора түрлерінің жасалуына, қалыптасуына әсер етеді. Мысалы, *метафора-теңеулер* назарға алып отырған екі нысанның тікелей сәйкестігі негізінде жасалады және олардың арасындағы сәйкестік анық байқалып тұрады: *талпақ танау торай, мысық мұрт ит, т.б.* Ал *метафора-жұмбақтар* арқылы суреттеліп отырған нысанға басқа нысанның, заттың атауы беріледі: *өлім жүгі – бомба, шірік ұя – жағымсыз орын, т.б.*

Жазушы сипаттайтын дүниелерді, адамдар мен құбылыстарды болмыстағы басқа заттармен теңестіру, ұқсату арқылы алмастыратын, қажетіне қарай жеке сөздерден тұратын, екі компоненттен тұратын, үш компоненттен тұратын және көпкомпонентті метафораларды қолданады. Бұл метафоралар заттар мен құбылыстардың белгілерінің ассоциациялануы, байланысуы арқылы жасалып, шығарма тіліне көркемдік береді.

Метафоралармен қатар, жазушы тілінде көріктеудің тағы бір түрі – эпитеттер кездеседі.

М. Серғалиев: «Эпитет – адамның, заттың, құбылыстың бір белгісін: сырын, сипатын, қасиетін атап көрсететін сөз, бірақ осы қызметте келетін жай анықтауыш сөзден эпитеттің

айырмасы бар. Жай анықтауыш заттың, құбылыстың адамның өзіне тән қалыпты сынын (белгісін, қасиетін, түрін, түсін т.б.) білдірсе, эпитет өзі атайтын белгіні бейнелеп (образдап) көрсетеді, өйткені бұл белгі сол заттың, адамның құбылыстың табиғи, қалыпты белгісі емес» – дей келе эпитеттерді тұрақты, тұрақсыз, метафоралық, синкреттік деп бөледі [16; 24].

К. Тоқаев айтар ойын, құбылысты бейнелі түрде суреттеу үшін эпитеттерді ұтымды қолданады.

Соның ішінде табиғатты сипаттайтын эпитеттер молынан кездеседі. Мысалы: *Мынау мүлгіген түн, мұнартқан кең дала, жұлдызды аспан, қалқыған ай, таң алдында жарқырап шыққан күн, бұл жалғанның орман-тоғайы, суы мен тасы, қыбырлаған сансыз жәндіктері мен хайуанаттары, бүкіл әсем табиғат – бәрі адам үшін, адамның тірлігі үшін жаратылғанын енді ғана ұқтым. Бұл биіктік кең жазықтың ортасында емшектеліп көтерілген шошақ төбе екен. «Кетік ай түпсіз әлем төрінде жәй жүзіп, қалқып бара жатыр». Соңғы сөйлемде жазушы айды кетік деп сипаттау арқылы оның көрінісін нақты көз алдымызға елестетеді. Бұдан айдың толған ай емес, жарты ай екенін түсінеміз. Себебі «кетік» сөзі мынадай анықтама береді:*

1. Кесе, табақ, аққұман сияқты заттардың бір шетінің кертілген сынығы. 2. Тесік, ашық жер. 3. Түскен тістің орны [17]. Яғни автор айдың бүтін емес, жарты екенін көрсету үшін кетік сөзін ұтымды пайдаланып, эпитет жасап тұр.

К. Тоқаев шығармаларындағы эпитеттердің келесі легі кейіпкер портретін, бейнесін жасауда кеңінен қолданылады. Мысалы: *Сөйткенмен де, нарттай қызыл шырайлы жігіттің өңі қағаздай қуарып, кесек балғын жас денесі жеңілденіп, сүйектеніп бара жатқандай еді. Аса бір жүдеу тартқан қаналы көңілмен екеуінің қастарына кеп... Қарақат көзінде айтылмаған көп сыр жатыр.* Автор бұл сөйлемдерде күрделі эпитеттерді пайдаланады.

Эпитеттердің келесі тобы белгілі бір затты не құбылысты сипаттауға жұмсалады: *Қысыр әңгімені айтып қайтесің. Бәлкім, менің қолыммен сойқан іс жасатып, қанды айыпкер ғып уысында ұстап, айтқанын жасатайын дейтін шығар.* Мұндағы қысыр, сойқан сөздері әңгіме мен істі сипаттап, шығарма тілін көркем етіп тұр. Бұл жерде қысыр сөзі бос сөзінің орнына қолданылып тұр. Алайда оның контекстегі семантикасы бос сөзіне қарағанда өзгешелеу. Қысыр тура мағынасында қашпай, төлдемей қалған мағынаны білдіреді десек, автор осы сөзді таңдау арқылы әңгіменің жай ғана бос емес, оның одан әрі өрбімейтін негізсіз, қажетсіз екенін танытады.

Шығармада тұрақты эпитеттер де, еркін эпитеттер де қолданылады. Алайда тұрақты эпитеттердің саны басымырақ. Мысалы: мүлгіген түн, мұнартқан дала, жұлдызды аспан, қалқыған ай, қарақат көз, қысыр әңгіме, сойқан іс, т.б. тілімізде бұрыннан орныққан тұрақты эпитеттер. Ал кетік ай, емшектеліп көтерілген шошақ төбе сынды эпитеттер еркін эпитетке жатады. Бұл екеуінің арасында семантикалық айырмашылық жоқ. Олардың атқаратын стильдік қызметі де ұқсас болып келеді. Эпитет категориясының бұл екі түрі затты болмаса құбылысты эмоционалдық жағынан тиімді, экспрессивтік жағынан әсерлі етіп суреттеуді мақсат етеді. Бұл екі түрі семантикалық жағынан ұқсас болып келгенімен, олардың бір-бірінен айырмашылығы да бар. Тұрақты эпитетке тілдің фразеологиялық жүйесіне енетін сөздер жатса, ал еркін эпитеттерге жеке авторлық сөз кестелері жатады. [18; 7].

Жазушы қолданысындағы табиғаттың ерекшеліктерін, кейіпкердің ішкі жан толғанысын, мінезін, сырт тұлғасын сипаттаған осындай эпитеттер оның шеберлігін дәлелдей түседі.

Жазушы шығармада иронияның да стильдік қызметін тиімді пайдаланады. Оны мына диалогтерден көруге болады:

- Алдағыны болжап, біліп қоятын қасиет сенде де бар ма? – деді. Чумаков Мұхамедтің жақтырмағанын сезді. Басын шайқап мырс етті.
- Түрмеде отырған демесең мен де өзіңдей адаммын. Басым, көзім, құлағым бар. Төрт мүшем сау. Әзірге ойлау қабілетінен айрылған жоқпын. Сонда менде сезім болмағанда қайтеді!
- Саналы азамат екенсің. Ғафу ет, білмедім.

- Сен кекетіп, кеміткенмен одан мұқалып қалмаймын. Және де сен ойлағандай шылғи ақымақ емеспін.

- Тағы бір соқыр әулие шықты!

Бұл үзіндіден Мұхамед атты кейіпкердің Чумаковты болашақты болжайтын соқыр әулиеге теңеп, кекеткенін көруге болады. Диалогтердегі кейіпкер сөздеріндегі ирония орын алып отырған жағдайды қош көрмеген жұрттың ішке сыймаған қарсылықтарын мысқылмен сыртқа шығаруының амалы түрінде көрінеді. Себебі бұл жерде жалғыз Мұхамед емес, басқалар да жауынгерлердің қашан өліп, қашан өлмейтінін болжап отырған Чумаковтың сөзін құп көрмейді. Бірақ Мұхамед қана оған қарсылығын білдіріп, мұқата сөйлейді. «Мен де өзіңдей адаммын» деген Чумаковтың сөзін «Саналы азамат екенсің» деп әдейі мақұлдай отырып, айтқанын әрі теріске шығарып, әрі күлкі етеді. Бұл әдіс келесі мысалда да көрінеді:

Сұп-сұр боп:

- Сонымен самолетті немен аттым дейсің? **Саусағыңмен бе?** – деп тістене сөйледі.

Мұхамедтің ақсұр жүзіне лезде қан тарап, жайдарыланып кетті. Барша ақ тістерін ақсия күлді. Ызаға булыққан Власов:

- **Өзің күлесің ғой!** – деді.

- **Қателескен жоқсың.**

- Неңе маз боласың?

- Дұшпанымның табылғанына қуанам. Қайда жүрсең де әжеттәуір кісінің дұшпаны болу керек қой. Менде осы күнге дейін қас адам болмапты. Енді аңдысқан жауым бар деп білем!

- Күйреп, құрып, өшіп кетесің!

- Жауыңның азулы болғаны абзал, айызың қанады!

Осы диалогте де «Өзің күлесің ғой!» деген Власовтың сөзін Мұхамед «Қателескен жоқсың» деп мақұлдай отырып, ызаландырады. Тек бұл ғана емес, әрі қарай да Власовтың сөзіне қарсы шықпай, керісінше, оны қолдаған болады. Сәйкесінше, Мұхамед Власовты кекетіп, мұқатады. Осылайша жазушы «автор образының», кейіпкерлер тілі мен өз тілінің көрінісін беруде, баяндау түрлерінде троп түрлерін сәтті қолданады.

Қорытынды

Жазушы К. Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» шығармасындағы тілдік айғақтарды талдай келе мынадай қорытындылар жасауға болады:

- детективтік мәтіндерде де, басқа көркем мәтіндердегідей, сөзқолданыстар пайдаланылады, айырмасы жалпыхалықтық ортақ сөзқолданыстарды детективтік құбылыстарға лайықтауында;

- К. Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романында синонимия әлеуетінің кеңінен пайдаланылуы жазушы стиліне тән бір ерекшелік деп есептеуге болады;

- антонимияны қолдануда концептілік мақсат бары байқалады. Детектив жанры «ізгілік-зұлымдық» аясындағы өмір көріністерін сипаттайтындықтан, романда қолданылған антонимдерді осы оппозиция төңірегіне шоғырландыруға болады;

- романда теңеулер жасалу жолы жағынан мынадай түрлерді қамтиды: Романдағы теңеулерді де детектив жанрының ерекшеліктеріне қарай «ізгілік-зұлымдық» оппозициясына қатыстыруға болады;

- роман мәтінінде метафоралардың қолданысындағы мынадай сипаттарды көрсетуге болады: қолданылған метафораларды құрамы жағынан жай және ұлғайған деп топтастыруға болады; жазушы дәстүрлі метафораларды тиісінше қолданған, сонымен қатар индивидуалды метафоралар жасауы ерекше көзге түседі; концептуалды метафоралар, метафора-теңеулер, метафора-жұмбақтар детектив жанрының тақырыбына лайықталған;

- роман мәтініндегі эпитеттердің мынадай сипаттарын көрсетуге болады: эмоционалды жағынан тиімді, экспрессивтік жағынан әсерлі етіп суреттеу мақсатына жеткен; қолданылған эпитеттерді құрамы жағынан жай және күрделі деп топтастыруға болады; тұрақты эпитеттер де, еркін эпитеттер де шамалас пайдаланылған; эпитеттердің

бір тобы белгілі бір затты не құбылысты сипаттауға жұмсалса, келесі бір тобы кейіпкер портретін, бейнесін жасауда кеңінен қолданылған.

К. Тоқаевтың қазақ тілінің байлығын жетік білуі «Солдат соғысқа кетті» шығармасында өз ойын соншалықты айқын, дәлме-дәл жеткізуіне ықпал етті. Ол әрбір ойын халық тілінен сұрыптап алған сөздер арқылы нақ сипаттай алды.

Әдебиеттер тізімі

1. Сыздықова Р. Көркем әдебиет тілін танудың қырлары // Ұлт порталы. [Электронды дереккөз: <https://ult.kz/post/rabiga-syzdykova-korkem-adebiet-tilin-tanudyn-kyrlary>.
2. Osmukhina O., Gudkova S. Detective Genre in the West and in Russia // Journal of History Culture and Art Research 9(1):315. March 2020. DOI:10.7596/taksad.v9i1.2313.
3. Pindosova T. Genre peculiarities of english intellectual detective (case study of d. brown's fictions) // Pivdenniy Arkhiv (Collected papers on Philology. Issue – LXVIII. – P. 66-69.
4. Виноградов В. В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. - М., 1962. – 155 с.
5. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Лексикасы мен грамматикасы: Көптомдық шығармалар жинағы. /ред. Рәбиға Сыздықова. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 384 бет.
6. Синонимдер сөздігі: – Алматы: 2001. – 311 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том. / Құраст.: Ә. Ыбырайым, А. Жаңабекова, Қ.Рысбергенова және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
8. Нұрғалиев Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. – 444 б.
9. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Төртінші басылым. – Алматы, 2002. – 644 б.
10. Калимова Ж. Абай шығармаларындағы антонимдердің тілдік табиғаты // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы, №4(141)/2022. – 35-42б. [Электрон. ресурс] : <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/issue/view/21/21>.
11. Әуезов М. Шығармалар. – 12-т. – Алматы: Жазушы, 1958. – 230 б.
12. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
13. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. / Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
14. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 208 б.
15. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 265 б.
16. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Астана, 2006. – 271 б.
17. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. / Құраст.: Б.Момынова, Б.Сүйерқұлова, А.Фазылжанова және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
18. Мұхаметқалиева Г.Ө. Тұрақты эпитеттің табиғаты: филол. ғыл. канд. ... дис., 10.02.06. – Алматы, 1995. – 164 б.

Т.С. Габдрахман

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

О словоупотреблении писателя Кемеля Токаева (по роману «Солдат ушел на войну»)

Аннотация. В статье исследуется язык и стилистика литературных произведений детективного жанра. Объектом исследования является творчество Кемеля Токаева, написавшего первые произведения в этом жанре в казахской литературе, в том числе роман «Солдат пошел на войну».

Произведения писателя, написанные в жанре детективной прозы, занимают большое место в казахской литературе.

Цель статьи – определить языковые и стилистические особенности казахского детективного жанра. В связи с этим были поставлены задачи анализа употребления синонимов, антонимов, сравнений, метафор и эпитетов.

В романе «Солдат пошел на войну» замечено широкое использование потенциала синонимии: свободно используются как систематические, так и контекстуальные синонимы. Эти синонимы

образуют в тексте градационное развитие. Когда синонимы употребляются в одном ряду, тот факт, что один из них имеет эмоционально-экспрессивную окраску, можно объяснить особенностью языка писателя. Плеонастические употребления также служат для уточнения идеи.

В романе естественно меньшее употребление антонимов, чем синонимов, так как они нужны лишь для сопоставления явлений в определенном отрывке текста.

Описано употребление в тексте таких тропов, как сравнение, метафора, эпитет, определена их художественная функция и способы образования.

Языковые факты были представлены в контексте, так как их значение и смысл часто раскрываются через контекст.

Проведен анализ с целью определить роль синонимов, антонимов, эпитетов и метафор в тексте детективных романов в создании напряженной атмосферы, развитии сюжета и характеристике персонажей. Исследование основано на методах стилистического анализа и акцентирует внимание на конкретных лингвистических приемах, используемых автором для достижения эффекта интриги и загадочности, свойственного детективному жанру. Результаты исследования позволяют лучше понять особенности языкового характера детективных произведений и их влияние на читательское восприятие.

Ключевые слова: детективный жанр, языково-стилистическое употребление, синоним, антоним, сравнение, метафора, эпитет.

T.S. Gabdrakhman

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

About the word usage of the writer Kemel Tokayev (based on the novel “The Soldier Went to War”)

Abstract. The article examines the language and style of literary works of the detective genre. The object of the study is the work of Kemel Tokayev, who wrote the first works in this genre in Kazakh literature, including the novel “The Soldier Went to War”.

The works of the writer, which is comprised of detective prose works, occupies a significant position within the corpus of Kazakh literature.

The purpose of the article is to determine the linguistic and stylistic features of the Kazakh detective genre. In this regard, the tasks of analyzing the use of synonyms, antonyms, comparisons, metaphors and epithets were set.

In the novel *A Soldier Went to War*, a wide use of the potential of synonymy is noticed: both systematic and contextual synonyms are freely used. These synonyms form gradational development in the text. When synonyms are used in the same row, the fact that one of them has an emotionally expressive coloring can be explained by the peculiarity of the writer’s language. Pleonastic usages also serve to clarify the idea.

In the novel, there is naturally less use of antonyms than of synonyms, since they are needed only to compare phenomena in a certain passage of text.

The use of such tropes as comparison, metaphor, epithet in the text is described, their artistic function and methods of formation are determined.

Linguistic facts were presented in context, as their meaning and meaning are often revealed through context.

An analysis was carried out to determine the role of synonyms, antonyms, epithets and metaphors in the text of detective novels in creating a tense atmosphere, plot development and characterization of characters. The study is based on methods of stylistic analysis and focuses on specific linguistic techniques used by the author to achieve the effect of intrigue and mystery characteristic of the detective genre. The results of the study allow us to better understand the peculiarities of the linguistic nature of detective works and their impact on reader perception.

Keywords: detective genre, linguistic and stylistic use, synonym, antonym, comparison, metaphor, epithet.

References

1. Syzdykova R. Korkem adebiet tilin tanudyn kyrlary. [Aspects of recognizing the language of fiction]. Available at: <https://ult.kz/post/rabiga-syzdykova-korkem-adebiet-tilin-tanudyn-kyrlary> (accessed: 20.05.2023). [in Kazakh]
2. Osmukhina O., Gudkova S. Detective Genre in the West and in Russia, *Journal of History Culture and Art Research*, 9(1), 315-324 (2020). DOI:10.7596/taksad.v9i1.2313
3. Pindosova T. Genre peculiarities of english intellectual detective (case study of d. brown's fictions) // *Pivdenniy Arkhiv* (Collected papers on Philology. Issue – LXVIII. – P. 66-69.
4. Vinogradov V. V. (1962) *Stilistika. Teoriya poeticheskoy rechi. Poetika*. [Stylistics. Theory of poetic speech]. - Moscow, 155 p. [in Russian].
5. Syzdykova R. Abaidyn soz ornegi. Koptomdyk shygarmalar zhinagy. [Abai's Word Pattern. Compilation of Multi-volume Works]. – Almaty: El-shezhire, 2014. – 88 p. [in Kazakh]
6. *Sinonimder sozdigi*. [Thesaurus of Synonyms]. (2001) Almaty. [in Kazakh]
7. Ybyrayim A., Zhanabekova A., Rysbergenova K. et al. (eds.) *Kazak adebi tilinin sozdigi*. [Dictionary of the Kazakh Literary Language. Fifteen Volumes. Volume 9]. On bes tomdyq. 9-tom. Almaty, 2011. – 744 p. [in Kazakh]
8. Nurgaliyev R. *Telagys*. [Telagys]. (Jazushy, Almaty, 1986, 444 p.) [in Kazakh]
9. Akhanov K. *Til biliminin negizderi*. [Basics of Linguistics. Fourth edition]. Tortinshi basylym. – (Almaty, 2002, 173 p.) [in Kazakh]
– Kalimova Z. Abai shygarmalaryndagy antonimderdin tildik tabigaty [Antonyms in Abai's Works], L.N. Gumilyov atyndagy Eurazia ulttyk universitetinin habarshysy. *Filologia seriasy* [Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University. Philology Series], 4(141), 35-42 (2022). Available at: <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/issue/view/21/21> (accessed: 20.05.2023). [in Kazakh]
10. Auezov M. *Shygarmalar. 12-t.* [Works. Volume 12] (Jazushy, Almaty, 1958, 230 p.) [in Kazakh]
11. Yskakov A. *Kazirgi kazak tili*. [Modern Kazakh Language] (Ana tili, Almaty, 1991, 63 p.) [In Kazakh]
12. Ashimbaeva N., Rysbergenova K., Mankeeva Z. et al. (eds.) *Kazak adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq. 4-tom*. [Dictionary of the Kazakh Literary Language. Fifteen Volumes. Volume 4] (Almaty, 2011, 752 p.) [in Kazakh]
13. Khasanov B. *Kazak tilinde sozderding metaforaly koldanylyu*. [Metaphorical use of words in the Kazakh language] (Mektep, Almaty, 1966, 208 p.) [in Kazakh]
14. Sybanbaeva A. *Metaforanyn tildik bolmysy zhane konceptualdy metaforalar*. [Linguistic Aspect of Metaphor and Conceptual Metaphors] (Kazak universiteti, Almaty, 2002, 265 p.) [in Kazakh]
15. Sergaliev M. *Stilistika negizderi*. [Basics of Stylistics] (Astana, 2006, 228 p.) [in Kazakh]
16. Momynova B., Suyerkulova B., Fazylzhanova A. et al. (eds.) *Kazak adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq. 7-tom*. [Dictionary of the Kazakh Literary Language. Fifteen Volumes. Volume 7]. (Almaty, 2011, 752 p.) [in Kazakh]
17. Mukhametkalieva G.O. *Turakty epitettin tabigaty: filol. gyl. kand..... dis.*, 10.02.06 [Nature of the Permanent Epithet: Cand. Philol. Sci. Diss, 10.02.06] (Almaty, 1995, 164 p.) [in Kazakh].

Автор туралы мәлімет:

Габдрахман Т.С. – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Габдрахман Т.С. – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Gabdrakhman T.S. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).